

1200 сөз

ҚАЗАҚ СӨЗІ



+CD

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз

Т 93

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы
бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылды.*

Т 93 **Қазақ сөзі. 1200 сөз. Оқу-әдістемелік құрал.** / Е.Тілешов, Л.Есбосынова, М.Дәрменова, Е.Шынтай, Д.Оспанова, Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017. – 176 бет.

ISBN 978-601-7504-32-8

Бұл оқу-әдістемелік құрал қазақ тілінің жиі қолданылатын лексикалық минимумына негізделген. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге арналған оқу-әдістемелік құрал 1200 сөзді қамтитын 15 сабақтан тұрады. Оқу құралында сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем үлгілерін тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолданылу аясына қарай дұрыс пайдаланудың тиімді тәсілдері ұсынылады. Оқу-әдістемелік құрал оқытушыларға, әдіскерлерге, тіл үйренушілерге арналған.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз

ISBN 978-601-7504-32-8

© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың
республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

АҢДАТУ

Тіл үйреніп қана қоймай, сол тілде еркін сөйлеу үшін тіл үйренушінің сол тілдің лексикалық минимумын меңгеруі өте маңызды. Ал лексикалық минимум тілдегі күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерден тұрады. 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне қазақ тіліндегі 150 мыңнан астам сөз бен сөз тіркесі енгізілген. Танымал швед полиглоты Э.Гуннемарктың зерттеуінше, дұрыс іріктеліп алынған 400 сөз күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөздік қордың 90%-ын құрайды. Әрине, мәтінді оқып, түсіне білу үшін одан да көп сөз білу қажет, бірақ олардың көбі жиі қолданылмауы мүмкін. Сондықтан қазақ тілінде сөйлеп үйрену үшін лексикалық минимумға жататын 1200-1500 сөзді білу жеткілікті.

Кез келген тілді үйретуде сөздік қордың маңызы зор. Белгілі бір деңгейде сөздік қорды меңгергеннен кейін ғана сөздердің өзара байланысын – грамматиканы, стилистиканы игеруге болады.

Мамандар ондаған жылдардан бері лексикалық материалды меңгерту мәселесін зерделеп келеді. Алайда бұл мәселе әлі де болса өзектілігін жоя қойған жоқ. Ғылымдағы және әдістемедегі талдау тұжырымдары көрсеткендей, тіл үйренуде қажетті деңгейді жылдам меңгеру үшін тіл үйренудің оңтайлы бағыттарын дұрыс таңдап, лексикалық материал көлемін белгілеу керек. Ол күнделікті қатынас тілі болуы мүмкін, оқулықтарда, сонымен қатар, тілашарлар мен оқу құралдарында жеткілікті мөлшерде беріліп жүрген тақырып пен мазмұн болуы мүмкін.

Тіл үйрену ересек адамдар үшін белгілі уақыт пен еңбекті қажет етеді. Ересек адамның орташа есеппен 20 мыңға жуық белсенді сөздік қоры болуына қарамастан, статистикалық талдаулар мынадай көрсеткіштерді береді: 1) белсенді сөздік қордағы алғашқы 25 бірліктің 33%-ы күнделікті жазбаша тілде қолданылады; 2) алғашқы жүздігі ересектер мен студенттердің жазбаша жұмыс жасау барысындағы жағдайлардың 50%-ында қолданыс табады; 3) алғашқы мыңдығының 89%-ы күнделікті жазуда қолданылады. Бұл көрсеткіштерден аңғаратынымыз – ең жиі қолданылатын 1200 сөз тізбесі де күнделікті қарым-қатынас пен жазуға негізделуі керектігі.

Белгілі бір тілді үйрену, оның сөздік қорын меңгеру сол тілде сөйлейтін халық өкілдерімен, сол тіл қолданылатын ел тарихымен танысу ісімен қатар жүретіні сөзсіз. Сол себепті «Қазақ сөзін» пайдалану қазақ халқын тануға мүмкіндік береді. Ал елтанымдық материалдар қоғамға терең бойлап, тілді меңгеру үдерісін жылдамдатады.

Тіл – табиғи құбылыс. Қоғамдағы, сол тіл өмір сүріп жатқан ортадағы әрбір өзгеріс пен құбылыс тілде көрініс табады. Яғни бір кездері белсенді түрде қолданыста болған сөздер заман талабымен, ғылым-білімнің дамуымен келген сөздерге өз орнын беріп, өзі пассив қабатқа ауысып отырады.

Бұдан бұрын шыққан «Қазақ сөзінде» (137 сөз, 500 сөз, 900 сөз) берілген лексика-грамматикалық мазмұнның тікелей жалғасы болып саналатын бұл оқу-әдістемелік құралға тілімізде ең жиі кездесетін 1200 сөздің 900-1200 аралығын толықтыратын 300 сөз іріктеліп алынды.

«Қазақ сөзі. 1200 сөз» оқу-әдістемелік құралының құрылымдық ерекшелігіне келер болсақ, құрал тақырыптық және танымдық мазмұндағы мәтіндерден, жағдаяттық диалогтерден құралған. Ондағы мақсат тіл үйренушіге тілдік қарым-қатынас үлгісін көрсетіп, талқылауға, өз ойын жеткізуге, керекті сөздерді таңдай білуге үйрету екендігі белгілі. Бұл тіл үйренуші үшін де, тілді үйретуші үшін де тиімді. Оқу құралында берілген мәтіндер арқылы жаңа сөздердің мағынасы ашылып, қызметі айқындалады. Сонымен бірге, тіл үйренуші жаңа сөздердің тура және ауыспалы мағынада қолданылу немесе тұрақты тіркестер түзудегі рөлін аңғарады.

Бұл құралда берілген тақырыптық тіркестер, сөздер мен сөйлемдердің барлығы қазақ тіліндегі қолданылу жиілігі бойынша іріктеліп алынды. Сабақтарда грамматикалық тапсырмалармен қатар практикалық тапсырмалар берілген. Сол арқылы лексикалық сөздік қорды арттыруға, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жол ашылады.

Барлық сабақтар үшін белгілі бір тапсырма түрлері таңдалып алынды. Мысалы, сабақтардың барлығында сәйкестендіру және өз бетімен аудару, бекіту тапсырмалары берілген. Оқытушы сол тапсырмаларды орындата отырып, сабақтардың грамматикалық мәнін түсіндіреді және жүктемені меңгеру жолы жеңілдейді. Оқу құралдарында берілген сабақтардағы түсіндірме тұстары тіл үйренушінің жеке жұмыс жасауына тиімді болып келеді. Себебі сол түсіндірме сәттері арқылы сабақтар берілген шектеулі сөздерді ғана меңгеріп қоймай, жаңа сөздерді жасау, тіркес құру жолдары тақырыпқа сай әрі жеңіл түрде түсіндіріліп, соған орай тапсырмалар да беріліп отырады. Оқу құралында берілген осы сынды әдістер тіл үйретуде ұтымды болады деген сенімдеміз.

Бұл оқу-әдістемелік құрал тіл үйрену мен үйрету процесінде қолданылуға тиісті жалғыз құрал демесек те, басқаша бағытта, өзіндік ерекшеліктерімен жазылған еңбек өз қолданушысына бағыт сілтеп, тіл үйренушіні мақсатына жеткізеді деген үміттеміз.

Авторлар

I сабақ

ТІЛ ҮЙРЕНУ ДЕ ӨНЕР





1. Диалогті оқыңыз.

- Сәлем! **Жағдайың** қалай?
- Сәлем, жақсы. Өзің қалайсың?
- Жақсымын! Қазақ тілі курсына барып жүрсің бе?
- Иә, аптасына 3 рет барамын.
- Ал мен ағылшын тілі мен испан тілін үйреніп жүрмін. Сен қандай тілдерді білесің?
- Мен орыс, түрік тілдерін білемін.
- Сен қазақша **еркін** сөйлейсің! Қалай үйрендің?
- Курсқа бардым, қазақша музыка тыңдадым. Қазақстандық достарыммен қазақша сөйлестім. Ал өзің қазақ тілін не үшін үйрендің?
- Қазақстанда жұмыс істеу үшін қазақ тілін білуім керек. Сол үшін үйрендім.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қандай тілдерді білесіз?
2. Сіз қазақ тілін не үшін үйреніп жүрсіз?

.....

.....

.....

В казахском языке суффиксы **-лық, -лік, -дық, -дік** добавляются к названиям стран и образуют название населения, жителей страны. Например: **Америка – американ-дық (американец)**

Суффиксы **-ша, -ше** добавляются к названиям национальности и выполняют роль предлогов **по** и **на**. Например: **Неміс – немісше (на немецком/по-немецки)**

Қазақстан <i>Казахстан</i>	қазақстандық <i>казахстанец</i>	қазақ <i>казахский</i> <i>казах</i>	қазақша <i>на казахском</i> <i>по-казахски</i>
Ұлыбритания	британдық	ағылшын	ағылшынша
Қытай	қытайлық	қытай	қытайша
Жапония	жапондық	жапон	жапонша
Ресей	ресейлік	орыс	орысша

Германия	германиялық	неміс	немісше
Түркия	түркиялық	түрік	түрікше
Өзбекстан	өзбекстандық	өзбек	өзбекше
Әзірбайжан	әзірбайжандық	әзірбайжан	әзірбайжанша
Қырғызстан	қырғызстандық	қырғыз	қырғызша



2. Кестені пайдаланып, үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

Үлгі: Мен қазақстандықпын. **Ұлым** – қазақ. Мен қазақша сөйлеймін.

Я казахстанец. Я по национальности казах. Я разговариваю на казахском.

.....

.....

.....



3. Мәтінді оқыңыз.

Танымал полиглоттар

• Полиглот болу үшін ең азы 10 тіл білу керек. **Сенесіз** бе, Эстония елінің полиглоты Пент Нурмекунд 80 тіл біледі.

- Шығыс **ғалымы** әл-Фараби шамамен 70 тіл білді.
- Ресейлік Евгений Чернявский 45 тілге аударды және 20 тілде еркін сөйлейді.
- Финляндиялық Арво Ютилайнен 50 тілге аударды.
- Британдық Дональд Кенрик 60 тілге аударды екен. Оның ішінде 30 тілде еркін сөйлейді. Ал сіз неше тіл білесіз?



Поясняем некоторые моменты

С помощью суффиксов -лық/-лік (-дық/дік, -тық/-тік) образуются слова соответствующие окончаниям -ский, -ный в русском языке.



4. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: *Химия/реакция – Химиялық реакция*

1. Классика/музыка
2. Романтика/фильм
3. Медицина/көмек
4. Психология/тест
5. Компьютер/бағдарлама
6. Музыка/білім
7. Практика/жұмыс
8. Теория/тапсырма
9. Экономика/жағдай
10. Республика/орталық
11. Спорт/киім
12. Техника/құжат
13. Магистр/диссертация
14. Инновация/технологиялар
15. **Мемлекет**/тіл
16. Қала/емхана
17. Ұлт/киім



5. Диалогті оқыңыз.

- Сәуле, бүгін қазақ тілі сабағы қалай өтті?
- Практикалық жұмыс орындадық. Өте жақсы өтті.
- Үйге қандай тапсырма берді?
- Грамматикалық және лексикалық тапсырма берді.
- Нешінші бетте?
- Он бесінші бетте.

* * *

- Сәлеметсіз бе? Иә, қандай сұрағыңыз бар?
- Ағылшын тілі курсы қай күндері болады?
- Курс дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері болады.
- Рақмет, мен тағы хабарласамын.

* * *

- Әлия, «айналайын» сөзінің **мағынасы** қандай?
- Жақсы сөз ғой. Оны қайдан естідің?
- Бүгін автобуста бір әжеге орын бердім. Сол кісі айтты. Бірақ мен **түсінбедім**.

Ол сөзді не үшін айтты?

- Себебі ол саған риза болды және рақмет айтты.



6. Қазақ және орыс тілінде берілген сөйлемдерді нөмірлері бойынша сәйкестендіріңіз.

1. Арабский язык – один из самых сложных языков в мире.
2. У тебя есть казахско-русский словарь?
3. Японские ученые приехали в Казахстан.
4. Я астанчанин.
5. Он свободно разговаривает на английском.
6. Я знаю только простые слова.
7. Это – хорошая мысль.
8. Что означает ваше имя?

- ☐ Мен астаналықпын.
- ☐ Сенде қазақша-орысша **сөздік** бар ма?
- ☐ Ол ағылшын тілінде еркін сөйлейді.
- ☐ Мен **қарапайым** сөздерді ғана білемін.
- ☐ Араб тілі – әлемдегі **ең** қиын тілдердің **бірі**.
- ☐ Бұл – жақсы **ой**.
- ☐ Сіздің **есіміңіздің** мағынасы қандай?
- ☐ Қазақстанға жапониялық ғалымдар келді.



7. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ тілі – болашақтың тілі

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазір әлем **бойынша** қазақ тілінде 16 миллионға жуық адам сөйлейді. Оның шамамен 2 миллионы басқа

ұлттар: түрік, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, татар, неміс, орыс. Сонымен қатар, әлем **әдебиеті** қазақ тіліне аударылды.

Қазақ тілі – әлемдегі ең таза, **бай** тілдердің бірі. Қазір қазақ тілі – **ғылым** мен инновацияның тілі. Қазақ тілі – болашақтың тілі.

Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Қазақ тілінде қанша адам сөйлейді?

.....

2. Мәтінде қандай ұлттар туралы айтылды?

.....

3. Қазақ тілі қандай тіл?

.....



8. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Айгүлдің жағдайы жақсы.

.....

2. Ол ғылым туралы ой айтты.

.....

3. Әрқашан қарапайым бол!

.....

4. Тіл үйрену – өнер.

.....

5. Мені түсіндің бе?

.....



9. Мәтінді оқыңыз.

Менің есімім – Инесса. Менің есімім итальян тілінде. Себебі менің әжем итальяндық. Бірақ мен аргентиналықпын және Мендозада тұрамын. Мендоза – үлкен қала.

Мен 21 жастамын. Университетте оқимын. Мамандығым – аудармашы. Сондықтан көп тіл білуім керек. Қазір қазақ тілін үйреніп жүрмін.

Менің бір қазақ досым бар. Есімі – Азат. Қазір Мендозада оқып жүр. Азат маған қазақ тілін үйретті. Ал мен оған испан тілін үйреттім.



10. Жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аударыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

1. Ты знаешь **значение** своего имени?
(Сен есіміңнің ... білесің бе?)

2. Я учу **государственный** язык.
(Мен ... тілді үйреніп жүрмін.)

3. Кто ты по **национальности**?
(Сенің ... қандай?)

4. Моя мама – **самый** добрый человек.
(Менің анам – ... мейірімді адам.)

5. Ты читал японскую **литературу**?
(Сен жапон ... оқыдың ба?)

6. Билл Гейтс – один из самых **богатых** людей в мире.
(Билл Гейтс – әлемдегі ең ... адамдардың бірі.)

7. Ученый занимается **наукой**.

(Ғалым ... айналысады.)

8. Мен саған ...

(Я тебе **верю**.)

9. Ол үш тілде ... сөйлейді.

(Он **свободно** говорит на трёх языках).

10. Я всё **поняла**.

(Мен бәрін ...)



Сабақтың жаңа сөздерімен танысыңыз.

әдебиет	литература
әрқашан	всегда
бай	богатый
бойынша	по, согласно
ғалым	ученый
ғылым	наука
ең	самый
еркін	свободно (свободный), вольно (вольный)
есім	имя
жағдай	положение, ситуация, условие
қарапайым	обычный, простой
мағына	значение
мемлекет	государство
ой	мысль
өмір	жизнь
өнер	искусство
сену	верить
сөздік	словарь
танымал	известный
түсіну	понимать, осознавать
ұлт	нация, национальность

II сабақ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР





1. Диалогті оқыңыз.

- Сәлем, Айнұр!
- Сәлем, Айдар! Не істеп жатырсың?
- Мен интернеттен әлемдегі қызық ақпараттарды іздеп отырмын.
- Сен өзің үшін қандай ақпарат алдың?
- Интернеттің **тарихы** туралы ақпарат алдым.
- Интернет туралы не білдің?
- Интернет – әлемдегі компьютерлер мен серверлер **қоры**. Ол 1991 жылы АҚШ-та пайда болды.
- Қызық ақпарат екен. Жауабыңа рақмет!
- Жақсы. Сау бол!



2. Мәтінді оқыңыз.

WhatsApp дегеніміз не?

WhatsApp – смартфондарға **арналған әлеуметтік желі**. Ол iphone, android, blackberry, nokia сияқты платформаларда жұмыс істейді. Қазір адамдар whatsapp бағдарламасын **сөйлесу**, хабарласу, сурет, видео **бөлісу** үшін қолданып жүр.

Бұл бағдарламаны 2009 жылы Ян Кум мен Брайан Эктон жасады. Бағдарлама тез танымал болды.

Ресми ақпараттарға **сәйкес**, 2016 жылы WhatsApp-ты **қолданушылар** саны 1 миллиардқа жетті. Бұл бағдарлама Apple компаниясының дүкендерінде пайда болды. Ал 2014 жылы Facebook компаниясы WhatsApp-ты 19 млрд долларға сатып алды. Қазір WhatsApp-тың кәсіпкерлер мен ұйымдарға, банктер мен авиакомпанияларға арналған түрлері жасалып жатыр.

Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. WhatsApp туралы қандай жаңа ақпарат алдыңыз?

.....

2. Сіз WhatsApp бағдарламасын не үшін пайдаланып жүрсіз?

3. Қандай әлеуметтік желілерді қолданасыз?

Для образования формы **настоящего времени** используется 4 глагола: **отыр (сидеть); тұр (стоять); жатыр (лежать); жүр (идти, ходить)**, к которым прибавляются личные окончания.

Ты лежишь. – Сен жатырсың.

Вторая форма настоящего времени образуется при помощи основного и вспомогательных глаголов **отыр, тұр, жатыр, жүр**. От основного глагола отбрасывается последняя буква «у» и добавляются «-ып/-іп/-п», затем следует вспомогательный глагол с личным окончанием.

Ты пишешь. – Сен жазып жатырсың.



3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Біз әлеуметтік желі арқылы сөйлесіп жатырмыз.

2. Сіз достарыңызбен интернет арқылы сөйлесіп жүрсіз бе?

3. Айбар интернеттен қызық фильм көріп жатыр.

4. Бұл ақпаратты қай сайттан көріп отырсыз?

5. Сен инстаграм желісін пайдаланып отырсың ба?

6. Ол интернет арқылы танымал болып жүр.

7. Ол суреттерді whatsapp арқылы жіберіп жатыр.

Прошедшее время

К корню глагола добавляются «-ды/ді», «-ты/ті» и личные окончания.

Ол келді – Он пришел

А отрицательная форма глагола образуется с помощью суффиксов
-ма/ме, -ба/бе, -па/-пе.

Ол келмеді – Он не пришел



4. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Бағдарламашы компьютерді **жөндеген жоқ**.

2. Айгүл интернет арқылы ағылшын тілін үйреніп жүр.

3. Студенттер электронды кітапхананы пайдаланады.

4. Сен бұл ақпаратты уикипедиядан алдың ба?

5. Мен бұл порталға **әлі** тіркелген жоқпын.

6. Асан кітаптың **көшірмесін** жасады.

7. Сен бұл видеоны қалай **жүктедің**?



5. Қазақ және орыс тілінде берілген сөйлемдерді нөмірлері бойынша сәйкестендіріңіз.

1. Ты проверил свою электронною почту?
2. Его дети часто играют в компьютерные игры.
3. В каких социальных сетях ты сидишь?
4. Ты хотя бы знаешь пароль Wi-Fi?
5. Можешь еще раз отправить аудиозапись, твой голос не слышен.
6. У нас дома есть бесплатный вай-фай.
7. Он оставил запись на своей личной странице.
8. Я загрузил фотки с интернет страницы Дастана.

- ☐ Біздің үйде Wi-Fi бар.
- ☐ Аудиожазбаны тағы бір рет жібересің бе, **дауысың** естілмей тұр.
- ☐ Ол өзінің жеке парақшасында **жазба** қалдырды.
- ☐ Сен электронды поштанды **тексердің** бе?
- ☐ Оның балалары компьютерлік ойындарды жиі ойнайды.
- ☐ Мен суреттерді Дастанның интернет **парақшасынан** жүктедім.
- ☐ **Ең болмаса**, Wi-Fi-дың паролін білесің бе?
- ☐ Сіз қандай әлеуметтік желілерде отырсыз?



6. Берілген диалогті оқыңыз.

- Маған жаңа портал туралы кеңес бересіз бе?
- Әрине, қандай сұрағың бар?
- Бұл порталға қалай **тіркелдің**?
- Бірінші, порталға есімім мен нөмірімді жаздым. Сосын менің электронды поштама **тіркеу** нөмірін **жіберді**. Сол нөмір арқылы тіркелдім.
- Керек материалдарды тіркеуден кейін жүктедің бе?
- Иә, кейін өзіңнің логинің мен пароліңді жазасың. Саған портал туралы ақпаратты жіберейін, поштаның мекенжайы қандай?
- Рақмет! Менің поштам – aydana1993@mail.ru.
- Жіберіп жатырмын. Біз үшін ыңғайлы портал екен.
- Иә, мен фейсбуктағы жеке парақшамда бұл ақпаратпен бөлістім.



7. Диалогтегі жаңа сөздерді пайдаланып диалог құрыңыз.



8. Өткен шақта берілген сөйлемдерді осы шақта жазыңыз.

Үлгі: Ол автобуспен келді. – Ол автобуспен келе жатыр.

1. Жаңа суреттерді маған whatsapp арқылы жібердің бе?

.....

2. Оқушылар порталды жаңа форматта пайдаланды.

.....

3. Көрмеге Франциядан 15 адам келді.

.....

4. Ол менің дәптерімді тексерді.

.....

5. Ертең Астана қаласында мамандар онлайн семинар өткізді.

.....

6. Мен оған төлқұжат көшірмесін бердім.

7. Мен бұл сайтқа кеше тіркелдім.

8. Маған концерт ұнады. Әншінің дауысы әдемі екен.



9. Жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аударыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

1. Он **загрузил** новое фото в Фейсбук.

(Ол фейсбукке жаңа сурет ...)

2. Он отправит мне свои документы через **электронную** почту.

(Ол маған өз құжаттарын ... арқылы жібереді.)

3. Ты **поделился** со мной?

(Сен менімен ...?)

4. Сделай **копию** этого письма, пожалуйста!

(Мына хаттың ... жасап берші!)

5. Он **ремонтировал** телефон моего друга.

(Ол менің досымның телефонын ...)

6. Facebook – самая популярная **социальная сеть** в мире.

(Facebook – әлемдегі ең танымал ...)

7. Я еще **не пользовался** этим телефоном.

(Мен бұл телефонды әлі ...)

8. Данияр **общается** с другом через whatsapp.
(Данияр досымен whatsapp арқылы ...)

9. Я **зарегистрировался** в инстаграм.
(Мен инстаграмға ...)

10. Он создал новую **страницу** в социальной сети фейсбук.
(Ол фейсбук әлеуметтік желісінде жаңа ... ашты.)



Сабақтың жаңа сөздерімен танысыңыз.

арналу	посвящаться, предназначаться
әлеуметтік желі	социальная сеть
әлі	пока что, пока
бөлісу	поделиться
дауыс	голос
ең болмаса	хотя бы
жазба	запись
жөндеу	чинить; ремонтировать
жүктеу	скачать
жіберу	отправить
көшірме	копия, копировать; ксерить
қолдану	пользоваться
қолданушы	пользователь
қор	фонд, запас
парақша	страничка
сәйкес	в соответствии с, соответствующий
сөйлесу	разговаривать, общаться
тарих	история
тексеру	проверять
тіркелу	зарегистрироваться
тіркеу	регистрация

III сабақ

БІЛІМ





1. Диалогті оқыңыз.

- Менің балам ұлттық университетке грантқа **түсті!**
- Құтты болсын! Қандай факультетке түсті?
- Тарих факультетіне.
- Жаксы екен. Менің қызым да Еуразия ұлттық университетінде оқиды. Ол университетте тәжірибелі әрі білімді **оқытушылар** өте көп. Сенің ұлың қандай мамандыққа түсті?
- Тарих мамандығына түсті.
- Құттықтаймын! **Сәттілік** тілеймін!
- Рақмет!



2. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Тұңғыш қазақ академигі

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – тұңғыш қазақ академигі. Ол 1899 жылы 12 сәуірде Баянауылда туған. Ауыл мектебінде және Павлодардың орыс-қазақ училищесінде оқыған. 1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясын **бітірген**. Сосын Семейде педагогикалық курстарда мұғалім мамандығы бойынша жұмыс істеген, ал 1920 жылы халық судьясы болған. 1921 жылы Томск технологиялық институтында геология бөлімінің студенті болған.

1946 жылы 1 маусымда Қазақ Ғылым Академиясы ашылды. Қ.И. Сәтбаев осы академияның тұңғыш президенті және геология ғылымдары институтының директоры болған. Ол «қазақстандық геологтар мектебін» ашқан.

Қаныштың бір **ерекшелігі** – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, дәрігермен де, тарих маманымен де, филологпен де ғылыми тілде сөйлескен. Ол өте сымбатты, ұзын бойлы әрі қарапайым адам болған. 1947 жылы Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қазақ ғалымы Қаныш Сәтбаевқа: «Барлық қазақтар сіз сияқты сымбатты және ұзын бойлы ма?» – **деген**. Оған академик: «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішінде ең аласасы – мен, менің халқым менен де биік», – деген екен.



3. Дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Қаныш Сәтбаев – тұңғыш қазақ дәрігері.
2. Ол өте қарапайым адам болған.
3. Сәтпаев У. Черчилльмен кездесті.
4. Ол 1920 жылы институтқа түскен.
5. Қаныш: «Менің халқым менен де биік», – деген.

Дұрыс Дұрыс емес

☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐
☐	☐

С помощью суффиксов -ған/-ген, -қан/-кен образуется **давно прошедшее время** глагола. Глагол + *ған/ген, -қан/кен* + **жіктік жалғау**

Мен бұл кітапты бұрын оқығанмын. – Я давно прочитал эту книгу.

Отрицательная форма глаголов в настоящем или прошедшем времени:

Глагол + *ған/-ген, -қан/-кен жоқ* + **жіктік жалғау**

в настоящем времени они присоединяются к глаголам **отыр, тұр, жатыр, жүр** (образуются формы: *отырған, тұрған, жатқан, жүрген*). Затем следует отрицание **жоқ**.

Сен айтқан жоқсың. – Ты не говорил.
Мен онда болмағанмын. – Я там не был.



4. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: Мен 2 жыл бұрын Америкаға бардым. – Мен бұрын Америкаға барғанмын.

1. Ол кеше спорт клубына барды.

.....

2. Мен жаңа оқытушылармен таныстым.

.....

3. Әсем мектепті Алматы қаласынан бітірді.

4. Біз бұрын Ақтөбеде тұрдық.

5. Айгүл мәдени орындарға жиі барады.

6. Мен 15 жасымда Қарағандыға көшіп келдім.



Поясняем некоторые моменты

Суффикс **и** в словах *тарихи, мәдени, әдеби, ғылыми* соответствует окончаниям *-ский, -ный* в русском языке. Например: *тарих – история, тарихи – исторический; әдебиет – литература, әдеби – литературный, ғылым – наука, ғылыми – научный; мәдениет – культура, мәдени – культурный.*



5. Мәтінді оқыңыз.

Меломан

Мен бос уақытымда кітап оқимын. Мен фантастика, детектив жанрындағы роман, повестерді ұнатамын. Маған қазақ, ағылшын, жапон әдебиеті ұнайды. **Сүйікті** авторларым – Мағжан Жұмабаев, Артур Конан Дойл, Харуки Мураками. Кітаптың пайдасы көп. Ол – мәдениет.

Жалпы мен өзіме керек кітаптарды «Меломан» кітап дүкенінен **табамын**. Ал шетел авторларының кітаптарын интернеттен **істеймін**. Мен ай сайын міндетті түрде 2-3 кітап сатып аламын. Мен еліміздегі ең үлкен кітапханаларда болдым. Қазақстандағы ең бай кітап қоры – Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасында. Кітапханада шамамен 7 миллион кітап бар. Ол кітапханадан әдеби, тарихи, ғылыми кітаптар мен **оқулықтар** алып тұрамын. Мен болашақта әлемдегі ең үлкен кітапханаларға барамын. Америкадағы Конгресс кітапханасы – әлемдегі ең үлкен және ең әдемі кітапхана. Ол Вашингтонда орналасқан. Онда шамамен 155 миллион кітап бар. Бұл кітапхана жылына 1 миллион 700 мың **оқырман** қабылдайды. Менің **арманым** – сол оқырмандардың бірі болу.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әлемдегі ең үлкен кітапхана қайда орналасқан?

.....

2. «Ғылым ордасында» қанша кітап бар?

.....

3. Сіз кітап оқисыз ба?

.....

4. Қандай жанрлар ұнайды?

.....

Будущее и переходное настоящее время имеют одинаковый способ образования. Они различаются по контексту и временным выражениям.

Глагол + а, -е, -й + жіктік жалғау

Сен ертең барасың. – Ты поедешь завтра.

Сен білесің. – Ты знаешь.

Отрицательная форма будущего и переходного настоящего времени

глагол + -ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе + жіктік жалғау.

Сен ертең бармайсың. – Ты не поедешь завтра.

Сен білмейсің. – Ты не знаешь.

Переходное настоящее время используется в случае, когда говорится о действии, совершаемым обычно. Например:

Мен Астанада тұрамын. – Я живу в Астане.

Мен күн сайын тісімді тазалаймын. – Я каждый день чищу зубы.

**6. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.**

1. Мен әрқашан сен туралы ойлаймын.

.....

2. Арай әдетте кока-коланы көп ішпейді.

.....

3. Мен ғылыми кітапханаға жиі барамын.

.....

4. Мен ән айтамын, **би** билеймін.

.....

5. Самат таңертең сағат 7:00-де тұрады.

.....

6. Жазира 11-**сыныпта** оқиды.

.....

7. Мен қазақша ән тыңдаймын.

.....

8. Мен күн сайын жаттығу жасаймын.

.....



7. Сөздерді орналастырыңыз.

Болашақта

Мен ... Алматы қаласына барамын.

Келесі аптада

Ол бұл жылы емес, ... үйленеді.

2 айдан соң

Сен ... келесің бе?

Келесі жылы

Мен ... дәрігер боламын.

Келесі айда

Ардақ ... жұмысқа келмейді.

Жақында

Қазір дәрігерім еңбек демалысында,
сондықтан ... барамын.

Ертең

... «Ханшатырда» жаңа дүкен ашылады.



8. Диалогті оқыңыз.

- Әсет, сен нешінші сыныпта оқисың?
- Биыл 10-сыныпты бітірдім.
- Назарбаев **зияткерлік** мектебінде оқисың ба? Сабағың қалай?
- Иә, сабақ жақсы. Мен мектептегі **үздік** оқушылардың бірімін.
- Жарайсың! Жақсы оқы, айналайын.

* * *

- Сәлеметсіз бе? **Халықаралық** бағдарлама туралы айтасыз ба?
- Сәлеметсіз бе! Халықаралық бағдарлама бойынша Аустралияда, АҚШ-та, Германияда, Жапонияда, Кореяда гранттар бар. Бұл бағдарламаға **қатысу** үшін ағылшын тілін өте жақсы білуіңіз керек.
- Ол елдерде студенттер неше жыл оқиды?
- Бакалавр студенттері 4-5 жыл, магистранттар 3 жыл оқиды.
- Қай елде оқуға кеңес бересіз?
- Бұл елдерде білім деңгейі өте жоғары. Корея білім деңгейі бойынша **алғашқы** орында. Студенттер: «Жапонияда өте жақсы оқу технологиялары бар»,– дейді.
- Жарайды, рақмет!

* * *

- Оқуға құжат **тапсырдың** ба?
- Әлі тапсырған жоқпын.
- Қашан тапсырасың?
- Ол үшін Астанаға бару керек.
- Ата-анаңмен бірге барасың ба?
- Жоқ, Жанармен бірге барамын. Ол оқуын **жалғастырады**.
- О, жақсы екен! Сәттілік тілеймін!
- Рақмет!



9. Қазақ және орыс тілінде берілген сөйлемдерді нөмірлері бойынша сәйкестендіріңіз.

1. В этом университете работают известные ученые.
2. Ардак завтра будет сдавать тест по английскому языку.
3. Мой сын учится в 5 классе.
4. Он поступил в колледж в 2011 году.
5. Я часто хожу в библиотеку института.
6. Айгуль 3 года работала в детском саду.
7. Мы спустились вниз на лифте.
8. Он сказал: «Я не буду участвовать».

- ☐ Айгүл балабақшада 3 жыл жұмыс істеген.
- ☐ Ол: «Мен қатыспаймын», – деді.
- ☐ Менің ұлым 5-**сыныпта** оқиды.
- ☐ Ардақ ертең ағылшын тілінен тест тапсырады.
- ☐ Ол колледжге 2011 жылы түскен.
- ☐ Бұл университетте танымал ғалымдар жұмыс істейді.
- ☐ Мен институт кітапханасына жиі барамын.
- ☐ Біз төменге лифтімен түстік.



10. Жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аударыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

1. Моя **любимая** книга – «Мартин Иден».
(Менің ... кітабым – «Мартин Иден».)

-
2. В чем его **особенность**?
(Оның ... неде?)
-

3. Я вижу его в **первый** раз.

(Мен оны ... рет көріп тұрмын).

.....

4. В **следующем** году Самат пойдет в 6 класс.

(Самат ... жылы 6-сыныпқа барады.)

.....

5. Моя мечта – **поступить** в университет Назарбаев.

(Менің арманым – Назарбаев университетіне ...)

.....

6. Учителя будут участвовать в **международном** семинаре?

(Мұғалімдер ... семинарға қатыса ма?)

.....

7. Где ты его **нашел**?

(Сен оны қайдан ..?)

.....

8. В чем особенности этого **учебника**?

(Бұл ... ерекшелігі неде?)

.....

9. Ты **продолжешь** курс английского языка?

(Сен ағылшын тілі курсын ... ба?)

.....

10. Когда ты **закончил** школу?

(Сен қашан мектеп ..?)

.....



Сабақтың жаңа сөздерімен танысыңыз.

алғашқы	первый
арман	мечта
би	танец
бітіру	завершать, заканчивать
деу	сказать
ерекшелік	особенность
жалғастыру	продолжать; присоединять
зияткерлік	интеллектуальный, интеллектуальность
қатысу	участвовать
мәдениет	культура
оқулық	учебник
оқырман	читатель
оқытушы	преподаватель
сәттілік	удача
сүйікті	любимый
сынып	класс
табу	находить, обнаруживать
тапсыру	сдавать, поручать
тұңғыш	первый
түсу	спускаться, слезать; поступать; падать
үздік	с отличием, лучший, отличный
халықаралық	международный
іздеу	искать

IV сабақ

СПОРТ





1. Диалогті оқыңыз.

- Сәуле, сен қандай спорт түрімен шұғылданасың?
- Мен тенниске және бассейнге жиі барамын. Енді баскетболға барғым келіп жүр. Сен ше?
- Спорт өте пайдалы. Мен барлық спорт түрімен шұғылданғым келеді, бірақ уақытым жоқ.
- Мен футбол, хоккей, теннис, биатлон сияқты спорт **жарыстарын** теледидардан, интернеттен көремін. Ал сен футболдан Чемпиондар лигасын көресің бе?
- Әрине, футбол – менің сүйікті спортым.
- Қай командаға **жанкүйерсің**?
- Мен «Реал Мадрид» командасының жанкүйерімін. Биыл осы команда чемпион болды. Сен бұл матчты көрдің бе, менің командам **гол соқты**?
- Иә, көрдім. Ойыншылар өте жақсы ойнады. **Жеңіс** құтты болсын!

Сіз спортпен шұғылданасыз ба?

Қандай спорт түрі ұнайды?

.....

.....

.....

.....

Выражение желания и намерения:

К корню глагола добавляются суффиксы **-ғы/-гі, -қы/-кі** притяжательные окончания и вспомогательный глагол **келу** в нужном времени:

Менің спортпен айналысқым келеді. – Я хочу заниматься спортом.

Отрицательная форма образуется с помощью добавления суффиксов **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** к вспомогательному глаголу **келу**:

Менің спортпен айналысқым келмейді. – Я не хочу заниматься спортом.

**2. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.**

Үлгі: Мен/Чемпиондар лигасын/көру. – *Менің Чемпиондар лигасын көргім келеді.*

1. Айдар/күреске/қатысу.

.....

2. Біз/чемпионатта/ойнау.

.....

3. Футбол матчын/қайтадан/көру.

.....

4. Сен/жүзуді/үйрену/ме?

.....

5. Ол/көкпар/ойынына/қатысу.

.....

6. Мен/тамақ/жеу.

.....

7. Сіз/ойнау/ме?

.....

8. Мен/Лондонға/бару.

.....

**3. Мәтінді оқыңыз. Жаңа сөздерге назар аударыңыз.**

Сау болғың келсе...

Спорт сөзінің мағынасы – **ойын**. Спорт – ол мәдениет. Спорт – ол интеллект. Спорт – ол **қозғалыс**. Спорт – ол күрес. Сау болғыңыз келсе, спортпен шұғылданыңыз.

Жаз – *велосипед тебу*, жүгіру, теннис, футбол сияқты спорт түрлерімен шұғылдануға ыңғайлы мезгіл. Спорт түрлерінің ішінде ең танымалы – футбол. Бұл ойынды әлемнің барлық елінде ойнайды. Сонымен қатар, баскетбол, волейбол, гольф, теннис және бадминтон да танымал ойындар. Бокс, гимнастика, *күрес*, жеңіл атлетикамен жылдың барлық мезгілдерінде айналысады. Соңғы жылдары жас қыздар мен әйелдер аэробикамен әуестеніп жүр. Аэробика адам денсаулығына жақсы көмектеседі.

Егер көп *қозғалғыңыз* келмесе, шахмат, дойбы, домино, тоғызқұмалақ ойнаңыз. Бұл ойындар адамға психологиялық көмек береді. Үнемі жаттығу жасаңыз. Жаттығудан кейін бірден тамақтанбаңыз. Біраз демалыңыз, су ішіңіз, душ қабылдаңыз. Үнемі көкөністер мен жемістер жеңіз. Егер спортпен айналысуға уақытыңыз болмаса, көп жаяу жүріңіз немесе жаттығу залына *жазылыңыз*.

Спортпен айналысу денсаулыққа өте пайдалы. *Ауырмау* үшін қай спорт түрін ұнатсаңыз, сонымен айналысыңыз!

Выражение условия:

К корню глагола добавляются суффиксы *-са/-се*+ личные окончания

Егер ... глагол + *са/-се*, ... глагол:

Егер сау болғың келсе, спортпен шұғылдан. – Если хочешь быть здоровым, занимайся спортом.

Егер сен бармасаң, мен барамын. – Если ты не пойдешь, то я пойду.



4. Сөйлем құраңыз.

Үлгі: *Егер ол жаттығу залына барғысы келсе, спорттық киім алсын.*

Егер ол ойынға қатысқысы келмесе, ...

.....
Егер сен спортпен шұғылданбасаң ...

.....
Егер мен спортшы болмасам, ...

.....

Егер біз жүзуді үйренбесек, ...

Егер сендер күн сайын жүгірмесендер, ...

Егер Әсел чемпионатта *жеңіске жетпесе*, ...

Егер толық болсаң, ...



5. Диалогті оқыңыз. Тапсырманы орындаңыз.

- Тез сауығу үшін спортпен шұғылданғым келеді.
- Сізге жеңіл жаттығулар жасау керек. Жаттығу залына жазылғыңыз келе ме?
- Иә, жазылғым келеді. Менің досым Айгүл де жаттықтырушы іздеп жүр.
- Ендеше, Айгүл де келсін. Бүрсігүні жаттығуды бастайық.
- Жақсы болды.
- Айтпақшы, жаттығу алдында тамақтанбаңыздар. Сосын міндетті түрде спорт киімімен келіңіздер.
- Жарайды. Келесі кездескенше!



Асты сызылған сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

Способы выражения глагола в повелительной форме:

Мен глагол -йын / -йін

Біз + а/е + йық / -йік

Повелительные слова 1 лица единственного числа переводится на русский как «давай я сделаю» или просто в будущем времени.

Мен айтайын. – Давай я скажу.

Сен айт. – Ты скажи.

Сендер + глагол -ыңдар / -іңдер

Сіз -ыңыз / -іңіз

Сіздер + ыңыздар / -іңіздер

Сіз айтыңыз. – Вы скажите.

Ол, олар + глагол + -сын / -сін

Ол айтсын – Пусть он скажет.



6. Мәтінді оқыңыз.

Танымал спортшылар туралы білесің бе?

Әлжан Жармұхамедов – қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы. Баскетболшы 1944 жылы Оңтүстік Қазақстанда туған. Ол тоғыз **дүркін** КСРО чемпионы, үш дүркін Еуропа чемпионы болған. Ол 1972 жылы Мюнхенде Олимпиада чемпионы болды. Әлжан Мүсірбекұлының әкесі – қазақ, анасы – орыс. Ал бойы 208 см екен.

Қазақстандық шахматшы, гроссмейстер **Жансая Әбдімәлік** 6 жасында Алматыдағы чемпионатта жеңіске жетті. Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы 11 жасында «халықаралық спорт **шебері**» болды. Жансаяның әкесі әрі **жаттықтырушысы** Данияр Әшіров: «Менің қызым өте ақылды және жақсы шахматшы», – дейді. Жансая шахматпен бірге жүзуді жақсы көреді. Ол қазір өз жасы бойынша (16 жасқа дейін) әлемде бірінші орында тұр.

Боксшы **Геннадий Головкин**ді бәріміз білеміз. Гена 35 жаста. Боксшы бүгінге дейін ешкімнен **жеңілмеген** және Қазақстанның 7 дүркін чемпионы болған. Ол өз карьерасында 34 рет жекпе-жекке шықты және бәрінде **жеңімпаз** болды. Оның отыз бірінде нокаутпен жеңіске жетті. Сол арқылы әлемге танымал болды. Халықаралық WBC және IBO, WBC титулдарын **қорғады**.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әлжан Жармұхамедов қандай спорт түрімен шұғылданған?

.....

2. Ол қай жылы чемпион болды?

.....

3. Жансая Әбдімәлік деген кім?

.....

4. Геннадий Головкин қалай танымал болды? WBC және IBO, WBC титулдары туралы не білесіз?

.....

**Поясняем некоторые моменты**

С помощью суффиксов **-шы/-ші** образуются названия профессий и соответствует суффиксам **-ник, -ист, -чик/-щик, -тель** в русском языке. Например, бокс – бокс-шы (боксер), ән – әнші (певец), би – биші (танцор), шахмат – шахматшы (шахматист), волейбол – волейболишы (волейболист), футбол – футболшы (футболист), ойын – ойыншы (игрок), оқу – оқушы (ученик), сурет – суретші (художник), жазу – жазушы (писатель) и т.д.

**7. Қазақ және орыс тілінде берілген сөйлемдерді нөмірлері бойынша сәйкестендіріңіз.**

1. Сен велосипед тебуді үйренгің келе ме?
2. Көкпар – қазақ халқының танымал ұлттық ойындарының бірі.
3. Жаттықтырушы ойыншыларды жарысқа дайындады.
4. Біз кеше Қысқы универсиада жеңімпаздарын құттықтадық.
5. Егер дұрыс тамақтансаңыз, ауырмайсыз!
6. Мен жаттығу залына аптасына 3 рет барамын.
7. Егер жаттыққың келсе, жаттығу залына жазыл.
8. Ол – «Барселона» футбол клубының жанкүйері.

- ☐ Мы вчера поздравили победителей Зимней универсиады.
- ☐ Он – болельщик футбольного клуба «Барселона».
- ☐ Если будете правильно питаться, не будете болеть!
- ☐ Если хочешь тренироваться, записывайся в тренажерный зал.
- ☐ Я хожу в тренажерный зал 3 раза в неделю.
- ☐ Тренер готовил игроков к соревнованию.
- ☐ Көкпар – одна из популярных национальных игр казахского народа.
- ☐ Ты хочешь научиться ездить на велосипеде?



8. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Көзінді күннен қорғағың келсе, көзілдірік киіп жүр.

.....

2. Бұл – үлкен жеңіс!

.....

3. Атлеттер келесі жарысқа дайын.

.....

4. Ол – бұл істің шебері.

.....

5. Ешқашан ауырмаңыздар.

.....

6. Жеңімпаздарға гүл сыйлағым келеді.

.....

7. Қозғалма, басыңда бірдеңе тұр.

.....

8. Көп қозғалыс жасамаңыз.

.....



**9. Жаңа сөздерді пайдаланып сөйлемдерді аударыңыз.
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.**

1. Игроки команды **одержали победу** в игре «Кокпар».

(«Барыс» командасының ойыншылары «Көкпар» ойынында ...)

.....

2. Криштиану Роналду **забил 560 голов** за всю свою карьеру.

(Криштину Роналду өз карьерасында барлығы 560 ...)

.....

3. Если ты будешь играть в нашей команде, мы **не проиграем**.

(Егер сен біздің командада ойнасаң, біз ...)

.....

4. Я **записалась** в волейбольную команду.

(Мен волейбол командасына ...)

.....

5. Поздравляем всех игроков **с победой!**

(Барлық ойыншыларды ... құттықтаймыз!)

.....

6. **На спортивной площадке** игроки встретились с болельщиками.

(... ойыншылар жанкүйерлермен кездесті.)

.....

7. Я буду **в тренажерном зале**.

(Мен ... боламын.)

.....

8. Он – **двукратный** чемпион мирового чемпионата по легкой атлетике.

(Ол – жеңіл атлетика бойынша әлем чемпионатының ... жеңімпазы.)

.....

9. Как **болельщики** встречали игроков команды «Реал Мадрид»?
(... «Реал Мадрид» командасын қалай қарсы алды?)

10. **Если** не хочешь ходить пешком, ездй на велосипеде.
(Егер жаяу жүргің келмесе, ...)



Сабактың жаңа сөздерімен танысыңыз.

ауыру	болеть
велосипед тебу	ездить на велосипеде
гол соғу	забивать гол
дайын	готовый, готов
егер	если
екі (үш) дүркін	двукратный (трехкратный)
жазылу	записываться
жанкүйер	болельщик
жарыс	соревнование
жаттықтырушы	тренер
жекпе-жек	поединок
жеңілу	проигрывать
жеңімпаз	победитель
жеңіс	победа
жеңіске жету	одержать победу
күрес	борьба
қозғалу	двигаться
қозғалыс	движение
қорғау	защищать
ойын	игра
сау	здоровый, здоров
шебер	мастер

V сабақ

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!





1. Мәтінді оқыңыз.

Есте сақтаңыз!

Арабиямен Египетте адамдарға сол қолмен тамақ бермеңіз. Ол үшін сізге ренжуі мүмкін. Ал Сингапурда **қоғамдық** көлікте, қоғамдық орындарда **сағыз шайнасаңыз** және көшеде тамақ жесеңіз, **айыппұл** төлейсіз. Өйткені Сингапур – әлемдегі ең таза қалалардың бірі. Германияда темекіңізді **тастасаңыз**, сізге айыппұл **салады**. Әлемнің көп елдерінде балалардың жанында және көлікте **теmekі шегуге болмайды**. Біздің елімізде де қоғамдық орындарда темекі шегуге **тыйым салынған**. Сонымен қатар, Бельгия, Италия, Франция, Испанияда мерекелерде туған күнге хризантема гүлін сыйлауға болмайды. Ол үшін сізге ренжиді. Егер Африкада адамдарды суретке түсіргіңіз келсе, міндетті түрде рұқсат сұраңыз.

Қоғамдық орындарда не істеуге болмайды?

.....

.....

Глагол *быть* – *быть* может использоваться в значений «можно».

К основному глаголу в неопределённой форме добавляются окончания «-ға/-ге», затем следует глагол «**болады**». А в отрицательной форме используется глагол «**болмайды**» в значений «нельзя»:

Көруге болады – можно увидеть.

Кіруге болмайды – нельзя входить (вход воспрещен).

Запрещенный, запрещается – **тыйым салынған, тыйым салынады**
разрешенный, разрешается – **рұқсат етілген, рұқсат етіледі**

2. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Бұл жерге балаларға кіруге бола ма?

.....

2. Автобуска велосипедпен кіруге болмайды.

.....

3. **Қоқыс** тастауға болмайды.

4. Телефонмен сөйлесуге болмайды.

5. Заттарды қолмен **ұстауға** болмайды.

6. Киімдерді киіп көруге болады.

7. Мынаны қалай жасауға болады?



Поясняем некоторые моменты

В казахском языке слова **салу** и **сақтау** сочетаются с другими словами и употребляются в разных значениях. Например:

Салу: **тыйым салу** – запрещать, **айыппұл салу** – штрафовать, **сөз салу** – делать предложение девушке, **үй салу** – строить дом, **сурет салу** – рисовать;

Сақтау: **денсаулық сақтау** – здравоохранение, **тазалық сақтау** – соблюдать чистоту, **тыныштық сақтау** – соблюдать тишину, **есте сақтау** – запоминать.



3. Дұрыс жауабын жазыңыз.

Қандай қоғамдық орындарда жазылады?

Тыныштық сақтаңыздар!

Қоқыс тастамаңыз!

Темекі шегуге болмайды!

Балаларға кіруге болмайды!

Есікті жауып жүріңіздер.

Жануарларға тамақ бермеңіз!

Суретке түсірмеңіз!

Абайлаңыз, қауіпті!

Телефоныңызды **сөндіріңіз!**

Жол ережелерін есіңізде сақтаңыз!

Балмұздақ жеуге болмайды!

Чтобы выразить просьбу в казахском языке к глаголу в повелительной форме добавляются суффиксы-шы/-ші:

Айтшы/Айтыңызшы – Скажи, пожалуйста.
Ренжімеші/Ренжімеңізші – Не обижайся, пожалуйста.



4. Диалогтерді оқыңыз.

- Сәлем. Бүгін ауа райы қалай? Жылы киім алайын ба?
- Иә, аспан бұлтты. Маған 112 нөмірінен хат келді. Бүгін жаңбыр жауады. Қолшатырды **ұмытпашы!**
- Иә, жарайды. Сіз де жылы киініңіз!

* * *

- Сіз сабақта отырсыз, сағыз шайнамаңызшы!
- Кешіріңіз. Қоқыс **жәшігіне салуға** тастауға бола ма?
- Жарайды, енді қайталамаңыз.

* * *

- Есіңізде сақтаңыз, бұл жерде алкоголь сусындарын ішуге, темекі шегуге тыйым салынады.
- Ал мұнда телефон пайдалануға бола ма?
- Жок, телефоныңызды сөндіруді ұмытпаңыз.
- Жарайды.
- Бұл жерді **ластасаңыз** және **шемішке шақсаңыз**, айыппұл төлейсіз.
- Жарайды, тазалық сақтаймыз. Бұл жерде **маса** көп пе?
- Иә, бұл жердің табиғаты жақсы, бірақ кешке маса болады. Сондықтан кешке дейін жүрмеңіздер.



5. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: *Сіз бармасаңыз, мен барайыншы.*

1. Мен әдейі істемедім, ренжіме ____ .
2. Хат қашан келді, уақытын есіңізге түсіріңіз ____ .
3. Өтініш, заттарды ұстама ____ .
4. Жел күшейіп жатыр, терезені жап ____ .

5. Осыны есіңізде сақтап жүр ____ .
6. Айжан, сағыз бер ____ .
7. Мына заттарды жәшікке сал ____ .
8. Саған бірдеңе айтайын ____ .



6. Берілген қазақ және орыс тіліндегі сөйлемдерді нөмір бойынша сәйкестендіріңіз.

1. На юге Казахстана будет сильная жара до 43-45°C.
2. Не забудьте о моей просьбе, пожалуйста.
3. Соблюдайте тишину в библиотеке.
4. Она сильно обиделась на тебя.
5. В Астане усиление ветра до 20 м/с.
6. Здесь нельзя продавать алкогольные напитки.
7. Выключи телевизор, пожалуйста. Дети спят.
8. Ардак щелкает семечки.

- ☐ Ол саған қатты ренжіді.
- ☐ Кітапханада тыныштық сақтаңыздар.
- ☐ Бұл жерде алкоголь сусындарын сатуға болмайды.
- ☐ Ардақ шемішке шағып отыр.
- ☐ Қазақстанның оңтүстігінде 43-45°C дейін қатты ыстық болады.
- ☐ Менің өтінішім туралы ұмытпаңызшы.
- ☐ Өтініш, теледидарды сөндірші. Балалар ұйықтап жатыр.
- ☐ Астана қаласында желдің соғуы 20 м/с дейін жетеді.



Поясняем некоторые моменты

Слово **қатты** так же употребляется в значениях **сильный, громкий**, (сильно, громко). Например: **қатты жел** (сильный ветер), **қатты сөйлеу** (говорить громко).



7. Мәтінді оқыңыз.

Әлемде әр елдің табиғаты әртүрлі. Біз сізге табиғат туралы қызық ақпараттар айтамыз.

- Әлемде «А» деп аталатын жер бар. «А» – Швеция мен Норвегияда орналасқан ауылдың аты. Ол скандинавия тілінде, «өзен» мағынасын береді;
- Әлемдегі ең құрғақ жер Сахарада емес, Антарктидада орналасқан. Ол жерде суда, қар да жоқ. 2 миллион жылдан бері қар жаумаған;
- Теледидардан ауа райы болжамын алғашқы рет 1936 жылы 11 қарашада көрсеткен;
- Лондонда жаңбыр бейсенбі күндері жауады екен. Мұның себебі әлі анықталған жоқ;
- Әлемдегі ең жылы теңіз – Ақ теңіз. Оның температурасы жазда 35°C болады екен;
- Жер планетасында ең ыстық жер Иорданияда орналасқан. Ол жерде жылдың 330 күні ыстық болады;
- Верхоянск – ең суық жер. Ол жерде шамамен 1400 адам тұрады. 1892 жылы -70°C суық болған.



8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өзіңіз тұратын қаланың табиғаты қандай?

.....

.....

2. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігінде ауа райы қандай?

.....

.....

3. Батыс және Шығыс Қазақстанның табиғаты туралы жазыңыз.

.....



9. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: Тыныштық сақтаңыздаршы, себебі адамдар демалып жатыр.

1. Төлқұжатыңызды ұмытпаңызшы, өйткені ...

.....

2. Бұл ғимаратқа кіруге тыйым салынған, себебі ...

.....

3. Емханада тазалық сақтаңыз, өйткені ...

.....

4. Менің балама балмұздақ сатып алмашы, себебі ...

.....

5. Жол ережелерін есіңізде сақтаңызшы, өйткені ...

.....

6. Сізге 5000 теңге айыппұл саламыз, себебі ...

.....

7. Витринадағы киімдерді ұстамаңызшы, себебі ...

.....



10. Жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аударыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

1. Вы должны **соблюдать** правила игры.

(Сіздің ойын ережелерін ... керек.)

.....

2. Нельзя **громко** смеяться в общественных местах.

(Қоғамдық орындарда ... күлуге болмайды.)

.....

3. На прошлой неделе был **сильный** мороз.

(Өткен аптада ... аяз болды.)

.....

4. Хорошо отдохнули в Боровом, но ребенка **покусали комары**.

(Бурабайда жақсы демалдық, бірақ баламды ...)

.....

5. Не **шелкай семечки!** Нельзя **засорять** природу.

(Шемішке ... Табиғатты ... болмайды.)

.....

6. Куда я **положил** документы?

(Мен құжаттарды қайда ..?)

.....

7. Пожалуйста, **держи** ребенка за руку.

(Баланың қолынан ...)

8. Немного отдохните, пожалуйста, вам нужен **покой**.

(Біраз демалыңызшы, сізге ... керек.)

9. Мой брат работает в акционерном **обществе** «ҚазМұнайГаз».

(Менің ағам «ҚазМұнайГаз» акционерлік ... жұмыс істейді.)

10. Лекарства нужно **хранить** в сухом и прохладном месте.

(Дәрілерді құрғақ және салқын жерде ... керек.)



Сабақтың жаңа сөздерімен танысыңыз.

айыппұл	штраф
балмұздақ	мороженое
есте сақтау	запоминать
жәшік	ящик
қоғам	общество
қоқыс	мусор
ластау	загрязнять
маса	комар
сағыз шайнау	жевать жвачку
сақтау	хранить, беречь; соблюдать
салу	строить; ложить
сөндіру	выключать; тушить
тазалық	чистота
тастау	бросать
темекі шегу	курить, курение
түсіру	снимать (фото, фильм); выгружать
тыйым	запрет
тыныштық	тишина
ұмыту	забывать
ұстау	держать, хватать
шағу	щелкать; кусать
шөмішке	семечки

VI сабақ

ӨНЕР





1. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым – Мадина. Мен 5 жастан бері би билеймін, ән айтамын. Қазір концерттерде ән айтып жүрмін. Өнерді жақсы көремін. Менің арманым – әнші болу. Мен Қазақ ұлттық өнер университетінің 1-курсында оқимын. Әннен басқа спортпен, **қолөнермен** айналысамын. Бос уақытымда балаларға киім **тігемін**. Анам кішкентай кезімде киім, көрпе, жастық тігуді үйреткен. Кейде сурет саламын. Барлық суретті қара **қарындашпен** саламын. Маған өнердің барлық түрі ұнайды.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қолөнер дегеніміз не?

.....

2. Мадина бос уақытында немен айналысады?

.....

3. Мадинаның арманы қандай?

.....

4. Сіздің қандай өнеріңіз бар?

.....

5. Сіз бос уақытыңызда немен айналысасыз?

.....



2. Диалогті оқыңыз. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз.

Театрда

А: – Сәлеметсіз бе? Сенбі күні спектакльге билет бар ма?

Б: – Қош келдіңіз! Әрине, бар. Сенбі күні Шекспирдің «Отелло» спектаклінің премьерасы болады.

А: – Жақсы. Ал басты рөлді кім ойнайды?

Б: – Басты рөлді театр актері Әділ Ахметов ойнайды.

А: – О, керемет! Бұл актер маған ұнайды. Барлық спектакльдерінде жақсы ойнайды.

Б: – Ендеше, міндетті түрде келіңіз! Спектакльден кейін өнер жұлдыздарынан **қолтаңба** аласыз.

А: – Жарайды. Екі билет бересіз бе? Анам да өнерді жақсы көреді. Анаммен бірге келемін.

Б: – Өте дұрыс. Міне, сіздің билетіңіз. Театрда кездескенше.

А: – Рақмет. Сау болыңыз!

Септіктер

Падежи

Септіктер	Сұрақтар	Жалғаулар	Мысал
Атау септігі	Кім?– Кто? Не? – Что?	–	әдемі көйлек
Ілік септігі	Кімнің? – Чей?	-ның/-нің -дың/-дің -тың/тің	Айгүлдің көйлегі
Барыс септігі	Кімге? – Кому? Неге? – Чему? Қайда? – Куда?	-ға/-ге -қа/ -ке -на/-не -а/-е	Айгүлдің үйіне барды
Табыс септігі	Кімді? – Кого? Нені? – Что?	-ды/-ді -ты/-ті -ны/-ні/-н	Айгүлдің үйін тапты
Жатыс септігі	Кімде? – У кого? Неде? – Где? Қайда? – Где? Қашан? – Когда?	-да/-де -та/-те -нда/-нде	Айгүлдің үйінде жатты
Шығыс септігі	Кімнен? – От кого? Неден? – От чего? Қайдан? – Откуда?	-дан/-ден -тан/-тен -нан/-нен	Айгүлдің үйінен шықты
Көмектес септігі	Кіммен? – С кем? Немен? – С чем?	-мен/-бен/-пен	Айгүлмен бірге көмектесті



3. Кестені пайдаланып, үлгі бойынша сөйлем құрап жазыңыз.

Үлгі: Мен / қала / емес / ауыл / тұру

Мен қалада емес, ауылда тұрамын.

1. сен / Астана / емес / Алматы / бару

2. ол / Лондон / келмеу

3. ол / Ермек / емес / Жазира / бірге / оқу

4. басты рөл / Абай / емес / Талғат / ойнау

5. біз / спектакль / емес / концерт / көру

6. олар / театр / емес / кинотеатр / бару

7. сен / Ержан / емес / Назым / көру

8. кітап / шкаф / ішінде / емес / үстел / үстінде / тұр



4. Берілген диалогті оқыңыз. Төмендегі тапсырманы орындаңыз.

Журналист: – Елге қош келдің, Димаш! Жеңісің құтты болсын!

Димаш: – Сәлеметсіз бе? Рақмет!

Журналист: – **Байқау** қалай өтті?

Димаш: – Байқау өте жоғары деңгейде өтті. Байқауға қатысқанымна қуаныштымын.

Журналист: – Димаш, өзің және отбасың туралы не айтасың?

